

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 13 қаңтардағы N 31 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 10 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2161. Күші жойылды - ҚР денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 212 (V042773) бұйрығы.

Жыл сайын Қазақстан Республикасында 45 мыңға дейін жіті ішек жұқпалы аурумен, 20 мыңнан аса вирустік гепатиттің "А" тобымен ауыратындар тіркеледі, сүзек-қылау жұқпалы ауруларының өрбу жағдайлары жиілене түсті, бруцеллез және туберкулез аурулары өзекті мәселеге айналып отыр. Осы жылы сапасыз тағаммен тұтыну салдарынан, азық-түліктен 6 топтық уланулар тіркелінген.

Сонымен бірге, шаруашылық субъектілері санитарлық ережелер және нормаларды бұзумен қатар, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мемлекеттік қызметінің нәтижесіз санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды іске асыру және аумақтық шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жиілігін негізсіз шектен асыру жағдайлары да кездеседі.

Жоғарыда аталғандар негізінде, 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1390 "Шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын басшылыққа ала отырып, және Қазақстан Республикасы "Халықтың санитарлық эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған эпидемиологиялық маңыздылығы бар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесі және Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдарының оларды тексеру жиілігі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, көліктегі Мемлекеттік санитарлық Бас дәрігерлеріне:

1) бекітілген тізбеге сәйкес 2003 жылғы 1 қаңтарынан 1 қазанына дейін мораторий жарияланған кезеңіне, Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдарының эпидемиологиялық маңыздылығы бар шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жиілігінің орындалуы қамтамасыз етілсін;

2) төтенше жағдайлардың, эпидемияның туындауынан және жұқпалы аурулардың өрбуінен қауіп төнетін жағдайларда, шағын кәсіпкерлік субъектілерін кезексіз тексеруге рұқсат етумен қатар, оларды тексеру жиілігінің

сақталуына бақылау орнатылсын;

3) шағын кәсіпкерлік субъектілерін бақылау бөлігінде бұзушылыққа жол берілген және өкілеттігі шегінен асқан Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғаларына тәртіптік әсер ету шаралары қолданылсын.

3. Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері
К . С . О с п а н о в қ а :

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің органдары, шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жиілігінің мониторингін жүргізсін;

2) мониторингтің нәтижелері туралы мәліметтерді әр айдың 10-күніне Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетіне ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Төрағасы В.А. Меркерге жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуге тұрғызылғаннан кейін алғашқы ресми түрде баспадан шыққан күннен 10 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2003 жылғы 13 қаңтардағы N 31
"Шағын кәсіпкерлік субъектілерін
тексеру туралы" бұйрығымен
бекітілген

Эпидемиологиялық маңыздылығы бар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесі және оларды Қазақстан Республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдарының тексеру жиілігі

Объектілердің атауы	Жылына жедел Жылына зертханалық-құралдық
	қадағалаудың зерттеулердің жиілігі
	кезеңдігі _____
	Бактериолог. Санитарлық-
	гиялық химиялық
	бақылау бақылау
	(физикалық
	ф а к т о р л а р)

1.	Азық-түлік	өнімдерін	
өндіру	және	өңдеу	
саласындағы		ұйымдар:	
1) сүт, сүт өнімдері,	4	12	12
соның ішінде		балалар	
сүтханасы;			
2) ет және ет өнімдері;	4	12	12
3) балық және балық	2	6	6
өнімдері;			
4) нан және нан-тоқаш	2	4	4
тағамдары;			
5) кондитерлік тағамдар;	4	12	12
6) жануар және өсімдік	4	4	4
майлары,		маргарин,	
майонез;			
7) алкоголь өнімдері;	2	2	2
8) минералды шөлмек.	4	4	4
телген су,		сусындар;	
9) малды және ауыл	4	4	2
шаруашылық		өнімдерін	
өсіру	жөніндегі	мал	
және	шаруа		
шаруашылықтар.			
2.	Азық-түлік	тағамдарын	
тарату жөніндегі ұйымдар	4	6	4
3. Базарлар	12	12	12
4. Қоғамдық тамақтан.	4	12	6
дыру		ұйымдары	
5. Су құбырлары	6	12	12
6. Шаштаразы, сән		4	4
кабинеттері,		бассейндер	
7. Моншалар, кір жуатын	4		4
ұйымдар,		химиялық	
тазалау		ұйымдары	
8. Кинотеатрлар, клубтар,	2		2
ақшалай		ұтыссыз	
автоматтары		ойын	
9. Соматикалық	4	2	2
бейініндегі		аурухана	

ұ й ы м д а р ы			
10. Хирургиялық,	6	6	6
жұқпалы	а у р у л а р	ж ә н е	
қ о с а л қ ы	б о с а н у		
бейініндегі	а у р у х а н а		
ұ й ы м д а р ы			
11. Емханалар	6	6	6
12. Стоматологиялық	6	6	6
ұ й ы м д а р			
13. Дәріхана ұйымдары	6	6	6
14. Мектепке дейінгі,	4	4	4
балдарды	с а у ы қ т ы р у		
ұйымдары,	ж ә н е	ж а л п ы	
білім	б е р у	ж ә н е	
интернаттық	ұ й ы м д а р		
15. Жоғары оқу орындары,	4	2	2
орта	о қ у	о р ы н д а р ы	
16. Өнеркәсіптік	2	2	2
объектілер, соның		(қай салаға 2	
ішінде, жанар май құю		бейімделуіне	
станциялары		байланысты)	
17. Радиологиялық	2		2
объектілер			